

«Тіл-татулық тірегі»



Өткізгендер: Елібаева Ж Қ, Нарен А М

05. 09.2024

Тақырыбы: «Тіл- татулық тірегі»

Мақсаты: балалардың өз балабақшасы туралы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып тілін дамыту, әңгімелесу, тақпақтар айту арқылы ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Қолданылатын көрнекіліктер: суреттер, музыка

Әдістемелік әдістер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын

Тәрбиеші сөзі: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар және балалар! Біздің «Тіл- татулық тірегі» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер! Бүгін біз Қазақстанымыздың тіл мерекесін тойлағалы отырмыз. Бәрімізге мейрам құтты болсын! Ендеше бүгінгі мерекені бастау үшін «Қызғалдақ» және «Бауырсақ» топтарының кішкене бүлдіршіндерін ортаға шақырайық.

1. (Балалар залға кіреді)

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме, қонақтар! Сіздер неге кешігіп келе жатырсыздар? Қане ендеше келген қонақтарды да бүгінгі мерекені бізбен бірге тойлау үшін ортамызға отырғызайық.

Балалар, сендер білесіңдер ме біз қандай мемлекетте тұрамыз? Әр мемлекетте өзінің Туы. Елтаңбасы, Әнұраны бар.

Тәрбиеші: Бізге келген қонақтар біздің елдің рәміздерімен танысты енді олармен

бірге Әнұранымызды орындайық!

2. Әнұран

Біз қандай ұлтқа жатамыз?

Біздің елбасымыз кім екен кім айтат білесіңдер ме?

Біз қай тілде сөйлейміз?

Біздің Қазақстанда тұратын қандай ұлттарды білеміз?

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар біздің елімізде көптеген ұлт өкілдері тұрады. ал енді бізге келеген қонақтар да мерекеге арнап «Орыс биін» әкелген екен соны тамашалайық.

3. «Орыс биі»

Тәрбиеші: Ана тілің арың бұл

(Ұятың боп тұр бетте

Өзге тілдің бәрін біл

Өз тіліңді құрметте!

Балалар қандай мақал мәтелдер білесіңдер?

4. Мақал-мәтелдер

Өнер алды қызыл тіл

Тіл қылыштан өткір

Тіл ұлттың жаны

Тіл жүйрік емес-ой жүйрік

Тіл-бұлбұл, сөз-бұлақ

Тәрбиеші: Балалар қандай ұлттық ойындар білесіңдер?

Олай болса қазір «Сықырлы асықтар» ойынын ойнаймыз?

Тәрбиеші: Балалар,бізге келген қонақтар біздің тіл мерекемізді тойлап жатқанымызды білу үшін оларға әдемі жыр шумақтарымызды айтып береміз бе?

6.Жыр шумақтары

Гүлім:

Тілім барда мақтанам

Тілім менің аппақ ән

Бірлігімді бүгінгі

Ана тілім сақтаған

Хабибі:

Ана тілім елдігім

Ана тілім ерлігім

Тілді бүгін құрметпен

Тойлап жатыр ел бүгін

Фарида:

Сыйласаң өз ұлтыңды,

Құрметтесең тілінді

Ұнатсаң дәстүр салтыңды

Ұмытпайсың тілімді

Тәрбиеші: Ән: «Ана тілім» әнін бірге шырқайық

7. Ән: «Ана тілім»

Райан:

Әркім тілін сүйеді

Қадірлейміз мұны біз

Қазақ тілін киелі

Мемлекеттік тіліміз

Есмұхан:

Ана тілім тірегім

Ана тілім жүрегім

Қасиетті елімнің

Теңі өзін деп білемін

Аминна:

Ана тіліні білмесен

Тәрбиеші: Міне керемет, ендеше бізде қалыспай өзіміздің ұлттық ойынымыз «Қыз қуу» ойынын ойнайық.

8.«Қыз қуу» ойыны

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, сендерге ойын ұнады ма?

Құрметті қонақтар,сіздерді тағыда тіл мерекесімен құттықтай отырып ертеңгілігімізді

«Достық» әнімен қорытындылаймыз!

9. «Достық»

Сау саламатта болыңыздар!

